



**БАЙТЕРЕК**

**«Бәйтерек» ұлттық басқарушы холдингі»  
акционерлік қоғамы**

**Аудиттелмеген жекелеген аралық  
қысқартылған қаржылық есептілік**

**30 маусым 2016 жыл**



«КПМГ Аудит» жауапкершілігі  
шектеулі серіктестік  
050051 Алматы, Достық д-лы 180,  
Тел./факс 8 (727) 298-08-98, 298-07-08

ТОО «КПМГ Аудит»  
050051 Алматы, пр. Достык 180  
E-mail: company@kpmg.kz

## **Шоғырландырылмаған аралық ықшамдалған қаржылық ақпаратты шолу бойынша тәуелсіз аудиторлардың есебі**

*«Бәйтерек» ұлттық басқарушы холдингі» Акционерлік Қоғамының Акционеріне және Директорлар кеңесіне*

### ***Кіріспе***

Біз «Бәйтерек» ұлттық басқарушы холдингі» Акционерлік Қоғамының (бұдан былай, «Холдинг») 2016 жылдың 30 маусымындағы шоғырландырылмаған ықшамдалған қаржылық жағдай туралы есебінің және осыған қатысты көрсетілген күні аяқталған алты ай кезең бойынша шоғырландырылмаған ықшамдалған пайда немесе залал және басқа жиынтық табыс, капиталдағы өзгерістер және ақша қаражаттарының қозғалысы туралы есептерінің, сондай-ақ, шоғырландырылмаған аралық ықшамдалған қаржылық ақпаратқа түсіндірмелі ескертпелерінің (бұдан былай, «шоғырландырылмаған аралық ықшамдалған қаржылық ақпарат») шолуын жүргіздік. Холдинг басшылығы осы шоғырландырылмаған аралық ықшамдалған қаржылық ақпараттың 34-ші «Аралық қаржылық есептілігі» Қаржылық есептіліктің халықаралық стандартына (IAS) сәйкес дайындауға және көрсетуге жауапты болады. Біз жүргізген шолу нәтижелері бойынша көрсетілген шоғырландырылмаған аралық ықшамдалған қаржылық ақпарат туралы қорытынды қалыптастыруға жауаптымыз.

### ***Шолу көлемі***

Біз 2410-шы «Кәсіпорынның тәуелсіз аудиторы орындаған аралық қаржылық ақпаратты шолу» Халықаралық шолуды жүргізу тапсырмалары бойынша стандарты талаптарына сай шолу жүргіздік. Шоғырландырылмаған аралық ықшамдалған қаржылық ақпаратты шолу негізінен қаржылық және бухгалтерлік мәселелер үшін жауапты тұлғалардан ақпарат алу үшін сұрату жасау мен талдамалық және шолу шегінде қажетті басқа да рәсімдерден тұрады. Шолу көлемі Халықаралық аудит стандарттарына сәйкес жүргізілетін аудитке қарағанда анағұрлым аз, және сол себепті де, бізге аудит барысында анықталуы мүмкін барлық елеулі мәселелер белгілі болды деген сенімділікті қамтамасыз ете алмайды. Демек, біз аудиторлық пікірді білдірмейміз.



**«Бәйтерек» ұлттық басқарушы холдингі» акционерлік қоғамы**  
Тәуелсіз аудиторлардың есебі  
2 бет

### **Қорытынды**

Жүргізілген шолу нәтижесінде 2016 жылдың 30 маусымындағы және көрсетілген күні аяқталған алты ай кезең бойынша шоғырландырылмаған аралық ықшамдалған қаржылық ақпарат барлық елеулі қатынастарда 34-ші «Аралық қаржылық есептілігі» Қаржылық есептіліктің халықаралық стандартына (IAS) сәйкес дайындалмағандығына назар аударуға себеп болатын деректер анықталмады.

*«КПМГ Аудит» ЖШС*

**«КПМГ Аудит» ЖШС**

2016 жылдың 1 қыркүйегі

## МАЗМҰНЫ

### ЖЕКЕЛЕГЕН АРАЛЫҚ ҚЫСҚАРТЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ АҚПАРАТТЫ ШОЛЫП ТЕКСЕРУ БОЙЫНША ТӘУЕЛСІЗ АУДИТОРЛАРДЫҢ ЕСЕБІ

#### ЖЕКЕЛЕГЕН АРАЛЫҚ ҚЫСҚАРТЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІК

Қаржылық жағдай туралы жекелеген аралық қысқартылған есеп.....	1
Кіріс немесе шығыс және өзге жиынтық табыс туралы жекелеген аралық қысқартылған есеп .....	2
Капиталдағы өзгерістер туралы жекелеген аралық қысқартылған есеп.....	3
Ақшалай қаражаттың қозғалуы туралы жекелеген аралық қысқартылған есеп .....	4

#### Жекелеген аралық қысқартылған есептілікке ескертулер

1 Кіріспе .....	5
2 Холдингтік Компания қызметі жүзеге асырылатын экономикалық орта.....	6
3 Қаржылық есептілікті дайындау негіздері .....	6
4 Есептік саясаттың негізгі ережелері .....	6
5 Ақшалай қаражат және олардың баламалары .....	7
6 Депозиттер .....	7
7 Еншілес кәсіпорындарға берілген несиелер .....	8
8 Шығарылған борыштық бағалы қағаздар .....	9
9 Қазақстан Республикасының Үкіметінен алынғанқарыздар .....	10
10 Проценттік табыстар .....	10
11 Алынған дивиденд .....	11
12 Өзге операциялық табыстар .....	11
13 Өкімшілік және өзге операциялық шығындар .....	12
14 Табыс салығы бойынша шығын .....	12
15 Қаржы тәуекелдерін басқару .....	13
16 Шартты міндеттемелер.....	16
17 Байланысты тараптармен операциялар .....	17
18 Әділ құн.....	18

**«Бәйтерек» ұлттық басқарушы холдингі» акционерлік қоғамы**  
**Қаржылық жағдай туралы жекелеген аралық қысқартылған есеп**

<i>(мыңдаған қазақстандық теңге)</i>	Ескерту	30 маусым 2016 жыл, аудиттелмеген	31 желтоқсан 2015 жыл
<b>АКТИВТЕР</b>			
Ақшалай қаражат және олардың баламалары	5	1,202,606	116,783
Депозиттер	6	10,661,662	11,586,577
Еншілес кәсіпорындарға берілген несиелер	7	271,765,252	196,721,919
Еншілес кәсіпорындарға инвестициялар		773,782,161	773,782,161
Алынатын дивиденд	11	7,396,959	-
Негізгі құралдар		123,184	139,268
Материалдық емес активтер		190,715	215,382
Ағымдағы табыс салығы бойынша алдын ала төлем		407,503	250,751
Өзге активтер		761,413	686,690
<b>АКТИВТЕР БАРЛЫҒЫ</b>		<b>1,066,291,455</b>	<b>983,499,531</b>
<b>МІНДЕТТЕМЕЛЕР</b>			
Шығарылған борыштық бағалы қағаздар	8	263,130,217	193,751,760
Қазақстан Республикасының Үкіметінен қарыздар	9	4,540,238	-
Кейінге қалдырылған табыс салығы бойынша міндеттеме		757,042	513,526
Өзге міндеттемелер		294,748	609,673
<b>МІНДЕТТЕМЕЛЕР БАРЛЫҒЫ</b>		<b>268,722,245</b>	<b>194,874,959</b>
<b>КАПИТАЛ</b>			
Акционерлік капитал		758,318,712	758,318,712
Таратылмаған кіріс		39,250,498	30,305,860
<b>КАПИТАЛ БАРЛЫҒЫ</b>		<b>797,569,210</b>	<b>788,624,572</b>
<b>МІНДЕТТЕМЕЛЕР ЖӘНЕ КАПИТАЛ БАРЛЫҒЫ</b>		<b>1,066,291,455</b>	<b>983,499,531</b>

Шығарылу үшін бекітілді және Басқарма атынан 2016 жылғы 1 қыркүйекте қол қойылған.

  
 Ибрагимова Ләззат Еркенқызы  
 Басқарма Төрағасының Орынбасары



  
 Есенғараева Құралай Дамирқызы  
 Бас бухгалтер

**«Бөйтерек» ұлттық басқарушы холдингі» акционерлік қоғамы**  
**Кіріс немесе шығыс және өзге жиынтық табыс туралы жекелеген аралық қысқартылған есеп**

<i>(мыңдаған қазақстандық теңге)</i>	Ескер- ту	2016 жылдың 30 маусымында аяқталған алты ай, аудиттелмеген	2015 жылдың 30 маусымында аяқталған алты ай, аудиттелмеген
Проценттік табыстар	10	8,234,063	4,693,577
Проценттік шығындар	8, 9	(7,386,566)	(4,556,365)
<b>Таза проценттік табыс</b>		<b>847,497</b>	<b>137,212</b>
Алынған дивиденд	11	8,523,885	8,966,795
Өзге операциялық табыстар	12	1,206,725	1,380,157
Әкімшілік және өзге операциялық шығындар	13	(1,389,953)	(1,393,609)
<b>Табыс салығын шегеруге дейінгі кіріс</b>		<b>9,188,154</b>	<b>9,090,555</b>
Табыс салығы бойынша шығындар	14	(243,516)	(226,568)
<b>ЖЫЛДЫҢ КІРІСІ ЖӘНЕ ЖАЛПЫ ЖИЫНТЫҚ ТАБЫС</b>		<b>8,944,638</b>	<b>8,863,987</b>

**«Бәйтерек» ұлттық басқарушы холдингі» акционерлік қоғамы**  
**Капиталдағы өзгерістер туралы жекелеген аралық қысқартылған есеп**

<i>(мыңдаған қазақстандық теңге)</i>	<b>Акционерлік капитал</b>	<b>Таратылмаған кіріс</b>	<b>Барлығы</b>
<b>2015 жылғы 1 қаңтарға қарай қалдық</b>	<b>718,318,712</b>	<b>6,883,558</b>	<b>725,202,270</b>
Кезең кірісі, аудиттелмеген	-	8,863,987	8,863,987
<b>Кезеңнің жиынтық табысы барлығы, аудиттелмеген</b>	<b>-</b>	<b>8,863,987</b>	<b>8,863,987</b>
<b>2015 жылғы 30 маусымға қарай қалдық</b>	<b>718,318,712</b>	<b>15,747,545</b>	<b>734,066,257</b>
<b>2016 жылғы 1 қаңтарға қарай қалдық</b>	<b>758,318,712</b>	<b>30,305,860</b>	<b>788,624,572</b>
Кезең кірісі, аудиттелмеген	-	8,944,638	8,944,638
<b>Кезеңнің жиынтық табысы барлығы, аудиттелмеген</b>	<b>-</b>	<b>8,944,638</b>	<b>8,944,638</b>
<b>2016 жылғы 30 маусымға қарай қалдық, аудиттелмеген</b>	<b>758,318,712</b>	<b>39,250,498</b>	<b>797,569,210</b>

**«Бәйтерек» ұлттық басқарушы холдингі» акционерлік қоғамы**  
**Ақшалай қаражаттың қозғалуы туралы жекелеген аралық қысқартылған есеп**

<i>(мыңдаған қазақстандық теңге)</i>	Ескерту	2016 жылдың 30 маусымында аяқталған алты ай, аудиттелмеген	2015 жылдың 30 маусымында аяқталған алты ай, аудиттелмеген
<b>Операциялық қызметтен ақшалай қаражаттың қозғалуы</b>			
Алынған проценттер		1,045,015	331,873
Төленген проценттер		(301,845)	(125,000)
Алынған дивиденд	11	1,126,926	3,855,331
Төленген әкімшілік және өзге операциялық шығындар		(1,710,248)	(1,608,826)
Төленген табыс салығы		(156,752)	-
<b>Операциялық қызметтен алынған ақшалай қаражаттың таза қозғалуы</b>		<b>3,096</b>	<b>2,453,378</b>
<b>Инвестициялық қызметтен ақшалай қаражаттың қозғалуы</b>			
Депозиттерді орналастыру		(2,300,000)	(5,400,000)
Депозиттерді өтеу		3,409,999	-
Еншілес кәсіпорындарға несиелерді ұсыну	7	(273,592,292)	(300,595,125)
Негізгі құралдарды сатып алу		(23,984)	(29,007)
Материалдық емес активтерді сатып алу		(3,288)	(14,879)
<b>Инвестициялық қызметте пайдаланылған ақшалай қаражаттың таза қозғалуы</b>		<b>(272,509,565)</b>	<b>(306,039,011)</b>
<b>Қаржы қызметінен ақшалай қаражаттың қозғалуы</b>			
Шығарылған борыштық бағалы қағаздардан түсімдер	8	254,500,000	300,595,125
Қазақстан Республикасының Үкіметінен қарыздарды алу	9	19,092,292	-
<b>Қаржы қызметінен алынған ақшалай қаражаттың таза қозғалуы</b>		<b>273,592,292</b>	<b>300,595,125</b>
<b>Ақшалай қаражаттың және олардың баламаларының таза (көмуі)/өсуі</b>			
Кезең басындағы ақшалай қаражат және олардың баламалары		1,085,823	(2,990,508)
		116,783	3,235,141
<b>Кезең соңындағы ақшалай қаражат және олардың баламалары</b>	<b>5</b>	<b>1,202,606</b>	<b>244,633</b>



**«Бәйтерек» ұлттық басқарушы холдингі» акционерлік қоғамы**  
**Жекелеген аралық қысқартылған қаржылық есептілікке ескертулер – 30 маусым 2016 жыл**

**1 Кіріспе**

«Бәйтерек» ұлттық басқарушы холдингі» акционерлік қоғамы (әрі қарай – «Холдингтік компания») «Даму институттарын, қаржы ұйымдарын басқару жүйесін оңтайландыру және ұлттық экономиканы дамыту жөніндегі кейбір шаралар туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің 2013 жылғы 22 мамырдағы № 571 Жарлығына және «Қазақстан Республикасы Президентінің 2013 жылғы 22 мамырдағы № 571 Жарлығын жүзеге асыру жөніндегі шаралар туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 жылғы 25 мамырдағы № 516 қаулысына сәйкес құрылды. 2016 жылғы 30 маусымдағы және 2015 жылғы 31 желтоқсандағы жағдайы бойынша Холдингтің түпкілікті бақылайтын тарабы Қазақстан Республикасының Үкіметі болып табылады.

Холдингтік Компания он бір еншілес кәсіпорынның тікелей акционері болып табылады (2015 жылғы 31 желтоқсан: он бір).

**Негізгі қызметі**

Холдингтік Компанияның миссиясы шикізаттық емес секторды қаржылық-инвестициялық қолдау, ұлттық экономиканың тұрақты дамуын қамтамасыз ету және оны әртараптандыру, инвестицияларды тарту, кластерлерді дамыту және еншілес кәсіпорындарында корпоративтік басқару жүйесін жетілдіру болып табылады.

Холдингтік Компания «Нұрлы жол» инфрақұрылымды дамытудың 2015 – 2019 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасын, Қазақстан Республикасын индустриялық-инновациялық дамытудың 2015 - 2019 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасын, «Бизнестің жол картасы 2020» бизнесті қолдау мен дамытудың бірыңғай бағдарламасын, «Өнімділік-2020» мемлекеттік бағдарламасын, Өңірлерді дамытудың 2020 жылға дейінгі бағдарламасын, Отандық өндірушілерді қолдаудың мемлекеттік бағдарламасын, өңдеуші өнеркәсіптегі шағын және орта бизнесті қаржыландырудың мемлекеттік бағдарламасын, «Бәсекеге қабілеттілік көшбасшылары - ұлттық чемпиондар» мемлекеттік бағдарламасын, «100 нақты қадам» ұлт жоспарын жүзеге асыру арқылы дамыту институттарының көмегімен мемлекеттің стратегиялық және әлеуметтік міндеттерін шешуге белсенді қатысады.

Өз қызметінде Холдингтік Компания индустриялық-инновациялық даму, ұлттық өнімнің экспортын алға жылжыту, шағын және орта кәсіпкерлікті дамыту, тұрғын үй-құрылыс секторындағы міндеттерді жүзеге асыру және халықтың әл-ауқатының деңгейін арттыру саласындағы мемлекеттік саясаттың негізгі бағыттарын, сондай-ақ Қазақстан Республикасының Президенті мен Үкіметі қойған басқа да міндеттерді басшылыққа алады.

Төменде Холдингтік Компанияның тікелей еншілес кәсіпорындары ұсынылады:

Еншілес кәсіпорынның атауы	Аббревиату- расы	Тіркелу мемлекеті	Иелену үлесі, %	
			30 маусым 2016 жыл, аудиттелмеген	31 желтоқсан 2015 жыл
«Қазақстанның Даму Банкі» АҚ-ы	«ҚДБ» АҚ-ы	Қазақстан Республикасы	100.00	100.00
«Қазақстанның инвестициялық қоры» АҚ-ы	«ИФК» АҚ-ы	Қазақстан Республикасы	100.00	100.00
«ҚазЭкспортГарант» экспорт-кредиттік сақтандыру корпорациясы» АҚ-ы	«ҚЭГ» АҚ-ы	Қазақстан Республикасы	100.00	100.00
«Даму» кәсіпкерлікті дамыту қоры» АҚ-ы	«Даму» ҚДҚ» АҚ-ы	Қазақстан Республикасы	100.00	100.00
«Технологиялық даму жөніндегі ұлттық агенттік» АҚ-ы	«ТДҰА» АҚ-ы	Қазақстан Республикасы	100.00	100.00
«Қазына Капитал Менеджмент» АҚ-ы	«ҚКМ» АҚ-ы	Қазақстан Республикасы	100.00	100.00
«Қазақстанның Тұрғын үй-құрылыс жинақ банкі» АҚ-ы	«ҚТҮҚЖБ» АҚ-ы	Қазақстан Республикасы	100.00	100.00
«Қазақстан ипотекалық компаниясы» ипотекалық ұйымы» АҚ-ы	«ҚИК» АҚ	Қазақстан Республикасы	100.00	100.00
«Қазақстандық ипотекалық несиелерге кепілдік беру қоры» АҚ-ы	«ҚИНКБҚ» АҚ-ы	Қазақстан Республикасы	100.00	100.00
«Байтерек Девелопмент» АҚ	«БД» АҚ-ы	Қазақстан Республикасы	100.00	100.00
«Мемлекеттік-жекешелік әріптестік жобаларын сүйемелдеу орталығы» ЖШС-і	«МЖӨ ЖСО» ЖШС-і	Қазақстан Республикасы	75.00	75.00

**Холдингтік Компанияның тіркелген мекенжайы және қызметті жүргізу орны.** Холдингтік Компанияның заңды мекенжайы және қызметін жүзеге асырудың нақты орны Қазақстан Республикасы, Астана қаласы, Д. Қонаев көшесі, 8, Б блогы болып табылады.

## **2 Холдингтік Компания қызметі жүзеге асырылатын экономикалық орта**

Холдингтік Компанияның қызметі, көбінесе, Қазақстан Республикасында жүзеге асырылады. Тиісінше, Холдингтік Компания дамып келе жатқан нарықтық экономикасы бар елдердің сипаттамаларын бейнелейтін Қазақстан Республикасының экономикалық және қаржы нарықтарына тән тәуекелдерге ұшырайды. Құқықтық, салықтық және әкімшілік жүйелері әлі даму үстінде, алайда олардың талаптарын талқылау біркелкілік емес тәуекелімен байланысты, оған қоса жиі өзгерістерге ұшырайды, бұл жайт басқа заңдық және салықтық кедергілермен қатар, Қазақстанда бизнес жүргізетін кәсіпорындар үшін қосымша проблемаларды жасайды. Оған қоса, қазақстандық теңгенің жуырда айтарлықтай құнсыздануы және дүниежүзілік нарықтарда мұнай бағасының түсуі шаруашылық қызметті жүзеге асыру жағдайының тұрлаусыздық деңгейін арттырды.

Қоса берілген жекелеген аралық қысқартылған қаржылық есептілік Холдингтік Компания басшылығының қаржы-шаруашылық қызметті жүргізудің қазіргі шарттарының Холдингтік Компания қызметі мен қаржылай жағдайына қалай ықпал ететіні жөніндегі көзқарасын білдіреді. Қаржы-шаруашылық қызметті жүзеге асыру шарттарының кейінгі дамуы басшылықтың оларды бағалағанынан басқаша болуы мүмкін.

## **3 Қаржылық есептілікті дайындау негіздері**

**ХҚЕС сәйкестігі туралы мәлімдеме.** Қоса берілген жекелеген аралық қысқартылған қаржылық есептілік 34 «Аралық қаржылық есептілік» халықаралық қаржылық есептілік стандартына (бұдан әрі – «ХҚЕС») (IAS) сәйкес дайындалған. Ол толық жылдық қаржылық есептілік үшін қажетті бүкіл ақпаратты қамтымайды және оны 2015 жылдың 31 желтоқсанында аяқталған жыл үшін және сол күнгі жағдайы бойынша Холдингтің жекелеген есептілігімен бірге қарау қажет, себебі осы жекелеген аралық қысқартылған қаржылық есептілік осыған дейін шығарылған қаржылық ақпараттың жаңартылғанын білдіреді.

Сондай-ақ Холдингтік Компания IAS 34 сәйкес 2016 жылдың 30 маусымында аяқталған алты айлық кезең үшін шоғырландырылған аралық қысқартылған қаржылық есептілікті дайындауда, оны Холдингтік Компанияның басты кеңсесінде мына мекенжай бойынша алуға болады: Қазақстан Республикасы, Астана қаласы, Қонаев көш., 8, Б-блогы.

**Құнды анықтау үшін негіз.** Осы жекелеген аралық қысқартылған қаржылық есептілік бастапқы құн бойынша есепке алу қағидасы негізінде дайындалды.

**Функционалдық валюта және есептілікті ұсыну валютасы.** Холдингтік Компанияның функционалдық валютасы Қазақстан Республикасының ұлттық валютасы бола тұрып, Холдингтің жүргізетін көптеген операцияларының және қызметіне ықпал ететін, олармен байланысты мән-жайлардың экономикалық мәнін ең жақсы көрсете алатын қазақстандық теңге (бұдан әрі – «теңге») болып табылады.

Сондай-ақ қазақстандық теңге осы жекелеген аралық қысқартылған қаржылық есептілікті ұсыну валютасы болып табылады.

Қаржылық есептіліктің барлық деректері, егер өзгеше көрсетілмесе, бүтін мың теңгеге дейінгі дәлдікпен дөңгелектелген.

**Кәсіби пайымдарды, есептік бағалар мен болжамдарды пайдалану.** ХҚЕС талаптарына сәйкес жекелеген аралық қысқартылған қаржылық есептілікті дайындау басшылықты есептік саясаттың қолданылуына және жекелеген аралық қысқартылған қаржылық есептілікті ұсынылған активтер мен міндеттемелердің, табыстар мен шығындардың мөлшеріне ықпал ететін пайымдарды, есептелген бағалар мен болжамдарды жасауға міндеттейді. Нақты нәтижелері көрсетілген бағалардан айрықша болуы мүмкін.

Есептік бағалар мен тиісті болжамдар тұрақты негізде қайта қаралады. Бухгалтерлік есептелген бағалардың өзгерістері қайта қаралған есептік кезеңде, сондай-ақ болашақ кезеңдерде танылады.

Осы жекелеген аралық қысқартылған қаржылық есептілікті дайындау кезінде Холдингтік Компанияның есептік саясатын қолдану кезінде жасалған басшылықтың елеулі болжамдары және бағалардың тиянақсыздық көздері 7-ескертудегі «Еншілес кәсіпорындарға берілген несиелер», 8-ескертудегі «Шығарылған борыштық бағалы қағаздар» және «Қазақстан Республикасының Үкіметінен алынған қарыздар» қоспағанда, 2015 жылдың 31 желтоқсанында аяқталған жыл үшін Холдингтік Компанияның жекелеген қаржылық есептілігін дайындау кезінде қолданылған бағаларға сәйкес келеді.

## **4 Есептік саясаттың негізгі ережелері**

Осы жекелеген аралық қысқартылған қаржылық есептілікті дайындау кезінде Холдингтік Компания 2015 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл үшін жекелеген қаржылық есептілікті құрастыру кезінде қолданылған есептік саясаттың дәл сол ережелерін қолданады.

**«Бәйтерек» ұлттық басқарушы холдингі» акционерлік қоғамы**  
**Жекелеген аралық қысқартылған қаржылық есептілікке ескертулер – 30 маусым 2016 жыл**

**5 Ақшалай қаражат және олардың баламалары**

<i>(мыңдаған қазақстандық теңге)</i>	<b>30 маусым 2016 жыл, аудиттелмеген</b>	<b>31 желтоқсан 2015 жыл</b>
Ағымдағы шоттар	1,202,606	116,783
<b>Ақшалай қаражат және олардың баламалары барлығы</b>	<b>1,202,606</b>	<b>116,783</b>

Төменгі кестеде 2016 жылғы 30 маусымдағы және 2015 жылғы 31 желтоқсандағы жағдайы бойынша «Standard and Poor's» рейтингінің немесе «Moody's» не «Fitch» агенттіктерінің рейтингілері негізінде несиелік сапа бойынша ақшалай қаражат пен олардың баламаларының талдауы ұсынылған:

<i>(мыңдаған қазақстандық теңге)</i>	<b>30 маусым 2016 жыл, аудиттелмеген</b>	<b>31 желтоқсан 2015 жыл</b>
<b>Мерзімі өтпеген және құнсыздалмаған</b>		
- Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі (бұдан әрі – «ҚРҰБ»)	-	20,625
- «BB-» бастап «BB+» дейін рейтингімен	1,202,606	96,158
<b>Ақшалай қаражат және олардың баламалары барлығы</b>	<b>1,202,606</b>	<b>116,783</b>

**6 Депозиттер**

<i>(мыңдаған қазақстандық теңге)</i>	<b>30 маусым 2016 жыл, аудиттелмеген</b>	<b>31 желтоқсан 2015 жыл</b>
Алғашқы өтеу мерзімі үш айдан астам уақытты құрайтын банктердегі депозиттер	10,661,662	11,586,577
<b>Депозиттер барлығы</b>	<b>10,661,662</b>	<b>11,586,577</b>

Депозиттер қамтамасыз етілмеген. Төменде 2016 жылғы 30 маусымдағы жағдайы бойынша және 2015 жылғы 31 желтоқсандағы жағдайы бойынша несиелік сапа бойынша депозиттердің талдауы келтірілген:

<i>(мыңдаған қазақстандық теңге)</i>	<b>30 маусым 2016 жыл, аудиттелмеген</b>	<b>31 желтоқсан 2015 жыл</b>
<b>Мерзімі өтпеген және құнсыздалмаған</b>		
- «BB-» бастап «BB+» дейін рейтингімен	3,171,986	4,462,573
- «B-» бастап «B+» дейін рейтингімен	7,489,676	7,124,004
<b>Депозиттер барлығы</b>	<b>10,661,662</b>	<b>11,586,577</b>

**«Бәйтерек» ұлттық басқарушы холдингі» акционерлік қоғамы**  
**Жекелеген аралық қысқартылған қаржылық есептілікке ескертулер – 30 маусым 2016 жыл**

**7 Еншілес кәсіпорындарға берілген несиелер**

	Номиналдық құны		Баланстық құны	
	30 маусым 2016 жыл, аудиттелмеген	31 желтоқсан 2015 жыл	30 маусым 2016 жыл, аудиттелмеген	31 желтоқсан 2015 жыл
<i>(мыңдаған қазақстандық теңге)</i>				
- «БД» АҚ	256,095,125	61,095,125	98,090,394	45,298,688
- «ҚДБ» АҚ	250,000,000	235,000,000	79,388,663	72,877,160
- «Даму» КДҚ» АҚ	200,000,000	200,000,000	65,776,697	63,859,047
- «ҚИК» АҚ	134,092,292	92,500,000	23,332,232	14,687,024
- «ҚТҮҚЖБ» АҚ	22,000,000	-	5,177,266	-
<b>Еншілес кәсіпорындарға берілген несиелер барлығы</b>	<b>862,187,417</b>	<b>588,595,125</b>	<b>271,765,252</b>	<b>196,721,919</b>

2016 жылдың 30 маусымында аяқталған алты ай ішінде Холдингтік Компания еншілес кәсіпорындарға жалпы сомасы 273,592,292 мың теңгеге (аудиттелмеген) несиелерді берді, (2015 жылдың 30 маусымында аяқталған алты ай: 300,595,125 мың теңге (аудиттелмеген)). Несиелер бойынша сыйақы ставкасы жылдық 0.15%, өтеу мерзімі – 2036 және 2046 жылдар (2015 жылдың 30 маусымында аяқталған алты ай: сыйақы ставкасы – жылдық 0.15% және өтеу мерзімі – 2035 және 2045 жылдар (аудиттелмеген)).

Бекітілген үкіметтік бағдарламаларға сәйкес 2016 жылдың 30 маусымында аяқталған алты ай ішінде берілген несиелердің шарттары мынадай:

- тұрғын үй құрылысы және оны кейіннен сатып алу үшін облыстың (Астана және Алматы қалалары) жергілікті атқарушы органдары шығарған борыштық бағалы қағаздарды сатып алу мақсатында «БД» АҚ несие ұсыну үшін 67,000,000 мың теңге (аудиттелмеген). Несие 20 жыл бойы әрбір 2 жыл сайын жаңартылады;
- тұрғын үй құрылысын қаржыландыру және оны кейіннен сатып алу мақсатында «БД» АҚ несие ұсыну үшін 60,000,000 мың теңге (аудиттелмеген);
- тұрғын үй құрылысын қаржыландыру және оны кейіннен жалға беру мақсатында «БД» АҚ несие ұсыну үшін 53,000,000 мың теңге (аудиттелмеген);
- тұрғын үй құрылысын қаржыландыру және тұрғын үйді сатып алу және оны кейіннен жалға беру мақсатында «ҚИК» АҚ несие беру үшін 22,500,000 мың теңге (аудиттелмеген);
- банк салымшыларына тұрғын үйді сатып алу үшін несие ұсыну мақсатында «ТҮҚЖБ» АҚ несие ұсыну үшін 22,000,000 мың теңге (аудиттелмеген);
- Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2014 жылғы 28 маусымдағы № 728 қаулысымен бекітілген «2020 жылға дейін өңірлерді дамыту бағдарламасына» сәйкес тұрғын үй құрылысын қаржыландыру және оны кейіннен жалға беру мақсатында «ҚИК» АҚ несие ұсыну үшін 19,092,292 мың теңге (аудиттелмеген);
- Астана қ. «ЭКСПО-2017» халықаралық мамандандырылған көрмесінің аумағында жылжымайтын мүлік объектілері мен сауда-ойын-сауық орталығының құрылысын қаржыландыру мақсатында «БД» АҚ несие ұсыну үшін 15,000,000 мың теңге (аудиттелмеген);
- Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2015 жылғы 23 сәуірдегі № 271 қаулысына сәйкес экспорттық және экспорттық алдындағы несиелендіруді қаржыландыру мақсатында «ҚДБ» АҚ несие беру үшін 15,000,000 мың теңге (аудиттелмеген).

Бастапқы тану кезінде несиелер жылдық 6.89% бастап 8.29% дейін өзгеретін, ақшалай қаражаттың болашақ ағымдарын дисконттау үшін тиісті нарықтық сыйақы ставкасын пайдалана отырып, есептелген әділ құны бойынша танылған (2015 жылдың 30 маусымында аяқталған алты ай: жылдық 5.71% бастап 7.12% дейін). Холдингтік Компания әділ құн және номиналдық құны арасындағы 205,552,898 мың теңге сомасындағы айырмашылықты (аудиттелмеген) (2015 жылдың 30 маусымында аяқталған алты ай: 211,433,116 мың теңге (аудиттелмеген)) кіріс не шығыс құрамында, нарықтан төмен ставкалар бойынша еншілес кәсіпорындарға берілген несиелерді бастапқы тану кезіндегі шығыс ретінде таныған. Бұл несиелер облигацияларды шығару арқылы және сыйақы ставкасы жылдық 0.10% құрайтын (2015 жылдың 30 маусымында аяқталған алты ай: жылдық 0.10%) және өтелу мерзімі 2034 және 2046 жылдары түсетін теңгеге деноминантталған Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаражаты есебінен қаржыландырылды (8-ескерту және 9-ескерту). Осы облигацияларды Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Қазақстан Республикасының Ұлттық Қорының қаражатынан толығымен қаржыландырылды. Бастапқы тану кезінде әділ құны және номиналдық құны арасындағы 206,758,295 мың теңге (аудиттелмеген) (2015 жылдың 30 маусымында аяқталған алты ай: 212,813, 992 мың теңге (аудиттелмеген) мөлшеріндегі айырмашылық Холдингтік Компания еншілес кәсіпорындарға берілген несиелерді бастапқы тану кезінде шығысты таныған дәл сол жолда мемлекеттік субсидия ретінде кіріс не шығыс құрамында танылған (12-ескерту).

**«Бәйтерек» ұлттық басқарушы холдингі» акционерлік қоғамы**  
**Жекелеген аралық қысқартылған қаржылық есептілікке ескертулер – 30 маусым 2016 жыл**

**8 Шығарылған борыштық бағалы қағаздар**

	<i>(мыңдаған қазақстандық теңге)</i>		Номиналдық құны		Баланстық құны	
			30 маусым	31 желтоқсан	30 маусым	31
			2016 жыл, аудиттелмеген	2015 жыл	2016 жыл, аудиттелмеген	желтоқсан 2015 жыл
	Орналасты- ру күні	Өтеу күні				
KZ2COY20F251	25.03.2016 13.03.2015	25.03.2036	202,000,000	-	52,285,755	-
KZP01Y20E920	31.03.2015	13.03.2035	170,000,000	170,000,000	52,774,067	51,189,243
KZ2C0Y20E676	14.04.2014	14.04.2034	100,000,000	100,000,000	33,232,820	32,242,695
KZ2C0Y20E775	10.12.2014 21.01.2015	10.12.2034	100,000,000	100,000,000	31,993,905	31,043,928
KZP01Y30E879	16.02.2015	21.01.2045	92,500,000	92,500,000	15,044,693	14,600,543
KZ2C0Y20E742	30.10.2014	30.10.2034	50,000,000	50,000,000	15,740,344	15,263,674
KZP02Y20E738	26.03.2015	26.03.2035	38,095,125	38,095,125	27,163,179	26,432,207
KZP01Y20E730	15.07.2014	15.07.2034	23,000,000	23,000,000	19,178,350	18,681,421
KZP02Y20E928	29.09.2015	29.09.2035	15,000,000	15,000,000	4,432,604	4,298,049
KZ2C0Y20F236	03.02.2016	03.02.2036	15,000,000	-	4,231,382	-
KZP02Y30E877	29.01.2016	29.01.2046	22,500,000	-	3,782,245	-
KZP03Y20E736	09.03.2016	09.03.2036	15,000,000	-	3,270,873	-
			<b>843,095,125</b>	<b>588,595,125</b>	<b>263,130,217</b>	<b>193,751,760</b>

2016 жылғы 30 маусымдағы және 2015 жылғы 31 желтоқсандағы жағдайы бойынша Холдингтік Компанияның шығарылған борыштық бағалы қағаздары биржада тіркелмеген.

2016 жылдың 30 маусымында аяқталған алты ай ішінде Холдингтік Компания мынадай облигацияларды шығарды:

- купондық ставкасы жылдық 0.1% және өтелу мерзімі 2046 жылдың қаңтар айында түсетін, 2016 жылдың 29 қаңтарында шығарылған номиналдық құны 22,500,000 мың теңге құрайтын, қамтамасыз етілуі жоқ купондық облигациялар (аудиттелмеген). Қаражат тұрғын үй құрылысы мен сатып алуды қаржыландыруды және оны кейіннен жалға беру үшін арналған.

- купондық ставкасы жылдық 0.1% және өтелу мерзімі 2036 жылдың ақпан айында түсетін, 2016 жылдың 3 ақпанында шығарылған номиналдық құны 15,000,000 мың теңге құрайтын, қамтамасыз етілуі жоқ купондық облигациялар (аудиттелмеген). Қаражат экспорттық және экспорттың алдындағы несиелендіруді қаржыландыру үшін арналған.

- купондық ставкасы жылдық 0.1% және өтелу мерзімі 2036 жылдың наурыз айында түсетін, 2016 жылдың 9 наурызында шығарылған номиналдық құны 15,000,000 мың теңге құрайтын, қамтамасыз етілуі жоқ купондық облигациялар (аудиттелмеген). Астана қ. ЭКСПО-2017 халықаралық мамандандырылған көрмесінің аумағында жылжымайтын мүлік объектілерін және сауда-ойын-сауық орталығының құрылысын қаржыландыруға арналған.

- купондық ставкасы жылдық 0.1% және өтелу мерзімі 2036 жылдың наурыз айында түсетін, 2015 жылдың 25 наурызында шығарылған номиналдық құны 202,000,000 мың теңге құрайтын, қамтамасыз етілуі жоқ купондық облигациялар (аудиттелмеген). Тартылған қаражаттан 60,000,000 мың теңге жалға берілетін тұрғын үйлердің құрылысын қаржыландыруға арналған, 53,000,000 мың теңге жалға берілетін тұрғын үйлердің құрылысын қаржыландыру және оны кейіннен жалға беру үшін арналған, 22,000,000 мың теңге тұрғын үйлерді сатып алу үшін «ҚТҮҚЖБ» АҚ салымшыларына ұсынылатын несиелерді қаржыландыруға арналған, 67,000,000 мың теңге тұрғын үйлердің құрылысы және оны кейіннен сатып алу үшін облыстардың (Астана және Алматы қалалары) жергілікті атқарушы органдары шығарған борыштық бағалы қағаздарды сатып алу мақсатында қаржыландыруға арналған.

2016 жылдың 30 маусымында аяқталған алты ай және 2015 жылдың ішінде осы облигацияларды Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Қазақстан Республикасы Ұлттық Қорының қаражатынан толығымен сатып алынды.

## 8 Шығарылған борыштық бағалы қағаздар, жалғасы

Жоғарыда көрсетілген мемлекеттік қолдау мен даму бағдарламаларына сәйкес Қазақстан Республикасының Ұлттық қорын басқару жөніндегі кеңес бағдарлама агенттері ретінде Холдинг, оның еншілес кәсіпорындары және коммерциялық банктер үшін және қаражатты түпкілікті алушылар үшін сыйақы ставкалары, қаржыландыру мерзімдері және ілеспелі талаптар түрінде қаржыландыру шарттарын белгілейді. Одан басқа, Үкімет арнайы шарттарды қабылдады, оларға сәйкес Холдингінің еншілес кәсіпорындары коммерциялық банктер мен компанияларды әрі қарай қаржыландыра алады. Сол себепті, орналастыру күніне қарай әділ құны бойынша 2016 жылдың 30 маусымында және 2015 жылдың 30 маусымында аяқталған алты ай ішінде Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Қазақстан Республикасының Ұлттық Қорының қаражатынан сатып алған облигацияларды бағалаудағы айырмашылық сомасы мемлекеттік субсидия ретінде танылған, ал Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Холдингінің түпкілікті акционерінің мүддесінде емес, ал мемлекеттің агенті ретінде әрекет еткен, себебі қарыздар бойынша барлық шарттар көрсетілген бағдарламаларды қаржыландыру туралы қаулыда Үкімет деңгейінде келісілген және Үкімет Холдингінің акционері ретінде осы бағдарламалардан тікелей экономикалық пайданың түсуін күтпейді, өйткені жеңілдіктерді түпкілікті алушылар бағдарламамен белгіленген субъектілер болып табылады. Осылайша, 2016 жылдың 30 маусымында аяқталған алты ай ішінде Холдингілік Компания мемлекеттік субсидия ретінде 192,191,909 мың теңгені көрсетті, аудиттелмеген, ол кіріс не шығыс және өзге жиынтық табыс туралы жекелеген есепте өзге операциялық табыстарда көрсетілді (2015 жылдың 30 маусымында аяқталған алты ай ішінде: 212,813,992 мың теңге). (12-ескерту). Холдингілік Компания болашақ келісімшарттық ақшалай ағымдарды дисконтқа айналдырып, бастапқы тану кезінде шығарылған облигациялардың әділ құнын анықтау кезінде жылдық 6.51% бастап 8.29% дейінгі нарықтық проценттік ставкаларды қолданды (2015 жылдың 30 маусымында аяқталған алты ай ішінде: жылдық 5.72% бастап 7.01% дейін, аудиттелмеген).

2016 жылдың 30 маусымында аяқталған алты ай ішінде орын алған, 7,372,234 мың теңге (аудиттелмеген) сомасындағы проценттік шығындар (2015 жылдың 30 маусымында аяқталған алты ай: 4,556,365 мың теңге (аудиттелмеген)) шығарылған борыштық бағалы қағаздарға жатады.

## 9 Қазақстан Республикасының Үкіметінен қарыздар

	Номиналдық құны		Баланстық құны	
	30 маусым 2016 жыл, аудиттелмеген	31 желтоқсан 2015 жыл	30 маусым 2016 жыл, аудиттелмеген	31 желтоқсан 2015 жыл
<i>(мыңдаған қазақстандық теңге)</i>				
Қазақстан Республикасының Инвестициялар және даму министрлігі	19,092,292	-	4,540,238	-
<b>Қазақстан Республикасының Үкіметінен алынған қарыздар барлығы</b>	<b>19,092,292</b>	<b>-</b>	<b>4,540,238</b>	<b>-</b>

2016 жылдың 15 маусымында Холдингілік Компания Қазақстан Республикасының Инвестициялар және даму министрлігінен 19,092,292 мың теңге сомасында несие алды. Несие жылдық 0.10% ұсынылған: өтеу мерзімі – 30 жыл. Барлық ақшалай қаражат тұрғын үй құрылысын қаржыландыру және оны кейіннен жалға беру үшін қолданылатын болады.

2016 жылдың 30 маусымында аяқталған алты ай ішінде Холдингілік Компания мемлекеттік субсидиялар ретінде 14,566,386 мың теңге (аудиттелмеген) мөлшеріндегі табысты көрсетті (2015 жылдың 30 маусымында аяқталған алты ай: жоқ), ол кіріс не шығыс және өзге жиынтық табыс туралы жекелеген есепте өзге операциялық табыстар құрамында танылған (12-ескерту). Холдингілік Компания бастапқы тану кезінде шығарылған облигациялардың әділ құнын анықтау кезінде, олардың болашақ келісімшарттық ақшалай ағымдарды дисконтқа айналдырып, жылдық 8.00% мөлшеріндегі бағалаушы нарықтық проценттік ставканы пайдаланды.

2016 жылдың 30 маусымында аяқталған алты ай ішінде орын алған 14,332 мың теңге (аудиттелмеген) сомасындағы проценттік шығындар Қазақстан Республикасының Үкіметінен алынған қарыздарға жатады.

## 10 Проценттік табыстар

	2016 жылдың 30 маусымында аяқталған алты ай, аудиттелмеген	2015 жылдың 30 маусымында аяқталған алты ай, аудиттелмеген
<i>(мыңдаған қазақстандық теңге)</i>		
Еншілес кәсіпорындарға берілген несиелер	7,453,836	4,470,851
Депозиттер	780,227	222,726
<b>Проценттік табыстар барлығы</b>	<b>8,234,063</b>	<b>4,693,577</b>

2016 жылдың 30 маусымында аяқталған алты ай үшін проценттік табыстардың сомасына еншілес кәсіпорындарға берілген несиелерді бастапқы тану кезінде туындаған дисконтты амортизациялау нәтижесінде алынған 6,903,228 мың теңге (2015 жылдың 30 маусымында аяқталған алты ай: 4,137,467 мың теңге) сомасындағы табыстар енгізілген (7-ескерту).

**«Бәйтерек» ұлттық басқарушы холдингі» акционерлік қоғамы**  
**Жекелеген аралық қысқартылған қаржылық есептілікке ескертулер – 30 маусым 2016 жыл**

**11 Алынған дивиденд**

<i>(мыңдаған қазақстандық теңге)</i>	2016 жылғы 1 қаңтарға қалдық	Жария етілген, аудиттелмеген	Төленген, аудиттелмеген	2016 жылғы 30 маусымға қалдық, аудиттелмеген
«БД» АҚ	-	2,185,953	-	2,185,953
«Даму» ҚДҚ» АҚ	-	2,000,075	-	2,000,075
«ҚДБ» АҚ	-	1,710,931	-	1,710,931
«ККМ» АҚ	-	1,500,000	-	1,500,000
«КЭГ» АҚ	-	784,222	(784,222)	-
«ТДҰА» АҚ	-	342,704	(342,704)	-
	-	<b>8,523,885</b>	<b>(1,126,926)</b>	<b>7,396,959</b>

<i>(мыңдаған қазақстандық теңге)</i>	2015 жылғы 1 қаңтарға қалдық	Жария етілген, аудиттелмеген	Төленген, аудиттелмеген	2015 жылғы 30 маусымдағы қалдық, аудиттелмеген
«ҚДБ» АҚ	-	3,378,450	-	3,378,450
«ҚТҰҚЖБ» АҚ	-	3,466,028	(1,733,014)	1,733,014
«Даму» ҚДҚ» АҚ	-	1,242,667	(1,242,667)	-
«ҚИК» АҚ	-	355,205	(355,205)	-
«БД» АҚ	-	277,359	(277,359)	-
«КЭГ» АҚ	-	189,171	(189,171)	-
«ТДҰА» АҚ	-	57,915	(57,915)	-
	-	<b>8,966,795</b>	<b>(3,855,331)</b>	<b>5,111,464</b>

**12 Өзге операциялық табыстар**

<i>(мыңдаған қазақстандық теңге)</i>	2016 жылдың 30 маусымында аяқталған алты ай, аудиттелмеген	2015 жылдың 30 маусымында аяқталған алты ай, аудиттелмеген
Еншілес кәсіпорындарға нарықтан төмен ставкалар бойынша берілген несиелерді бастапқы тану кезіндегі шығыс (7-ескерту)	(205,552,898)	(211,433,116)
Мемлекеттік субсидия (8, 9-ескертулер)	206,758,295	212,813,992
Өзге	1,328	(719)
<b>Өзге операциялық табыстар барлығы</b>	<b>1,206,725</b>	<b>1,380,157</b>

**«Бейтерек» ұлттық басқарушы холдингі» акционерлік қоғамы**  
**Жекелеген аралық қысқартылған қаржылық есептілікке ескертулер – 30 маусым 2016 жыл**

**13 Әкімшілік және өзге операциялық шығындар**

<i>(мыңдаған қазақстандық теңге)</i>	<b>2016 жылдың 30 маусымында аяқталған алты ай, аудиттелмеген</b>	<b>2015 жылдың 30 маусымында аяқталған алты ай, аудиттелмеген</b>
Персоналды ұстауға шығындар	713,935	603,164
Директорлар кеңесін ұстауға шығындар	189,332	107,099
Операциялық жалдау шығындары	133,788	126,067
Аутсорсинг шығындары	80,747	75,299
Негізгі құралдарға жататын өзге шығындар	46,919	39,064
Негізгі құралдарды амортизациялау	39,837	28,379
Консультациялық қызметтер	34,174	210,803
Бағдарламалық қамсыздандыруды және өзге материалдық емес активтерді амортизациялау	27,955	22,500
Жарнамалық және маркетингтік қызметтер	27,643	55,391
Іссапар шығындары	19,244	14,370
Байланыс қызметтері	17,301	13,853
Сақтандыру жөніндегі шығындар	15,531	17,102
Кеңселік, типографиялық өнім бойынша шығындар, имидждік өнім	13,152	17,171
Қызметкерлерді оқыту, конференциялар	6,079	40,806
Қайырымдылық және демеушілік көмек	-	4,290
Өзге	24,316	18,251
<b>Әкімшілік және өзге операциялық шығындар барлығы</b>	<b>1,389,953</b>	<b>1,393,609</b>

**14 Табыс салығы бойынша шығын**

Кезеңнің кіріс не шығыс құрамында көрсетілген, табыс салығы бойынша шығындар мынадай бөліктерді қамтиды:

<i>(мыңдаған қазақстандық теңге)</i>	<b>2016 жылдың 30 маусымында аяқталған алты ай, аудиттелмеген</b>	<b>2015 жылдың 30 маусымында аяқталған алты ай, аудиттелмеген</b>
Ағымдағы табыс салығы бойынша шығын	-	-
Уақыт айырмашылықтарының пайда болу және қалпына келу салдарынан кейінге қалдырылған салық міндеттемелерінің мөлшерін өзгерту	243,516	226,568
<b>Табыс салығы бойынша шығын барлығы</b>	<b>243,516</b>	<b>226,568</b>

2016 жылдың 30 маусымында аяқталған алты ай ішінде Холдингтік Компанияның кірісіне қатысты қолданылатын табыс салығының ағымдағы ставкасы 20% құрайды (2015 жылдың 30 маусымында аяқталған алты ай: 20%).

Төменде теориялық салық шығындары салық салу бойынша нақты шығындармен салыстырылды:

<i>(мыңдаған қазақстандық теңге)</i>	<b>2016 жылдың 30 маусымында аяқталған алты ай, аудиттелмеген</b>	<b>%</b>	<b>2015 жылдың 30 маусымында аяқталған алты ай, аудиттелмеген</b>	<b>%</b>
<b>Салық салуға дейінгі кіріс</b>	<b>9,188,154</b>	<b>100.00</b>	<b>9,090,555</b>	<b>100.00</b>
Табыс салығы бойынша қолданыстағы ставкаға сәйкес есептелген табыс салығы	1,837,631	20.00	1,818,111	20.00
Дивиденд бойынша салық салынбайтын табыс	(1,704,777)	(18.55)	(1,793,359)	(19.73)
Танылмаған кейінге қалдырылған салық активтері	93,376	1.02	201,816	2.22
Шегерілмейтін шығындар	17,286	0.19	-	-
<b>Табыс салығы бойынша шығындар</b>	<b>243,516</b>	<b>2.66</b>	<b>226,568</b>	<b>2.49</b>



## **15 Қаржы тәуекелдерін басқару**

**Холдингілік Компанияның тәуекелдерді басқару жөніндегі ережелері мен рәсімдері.** Холдингілік Компанияның тәуекелдерді басқару жөніндегі саясаты Холдингілік Компания ұшырайтын тәуекелдерді анықтауға, талдауға және басқаруға, тәуекелдер лимиттері мен тиісті бақылауларды орнатуға, сондай-ақ тәуекелдер деңгейін және белгіленген лимиттерге олардың сәйкестігін үнемі бағалауға бағытталған. Тәуекелдерді басқару жөніндегі саясат пен рәсімдер нарық жағдайының өзгеруін, ұсынылатын өнімдер мен қызметтерді және ең үздік тәжірибені көрсету мақсатында тұрақты негізде қайта қаралады.

Тәуекелдерді басқару жөніндегі саясаттың мақсаттары мынадай:

- Холдингілік Компаниядағы басқару бөлігі ретінде тәуекелдерді басқарудың тиімді кешенді жүйесі мен біріктірілген үрдісін құру және тәуекелдерді басқарудың әдістері мен рәсімдеріне қарай бірыңғай стандартталған тәсіл негізінде Холдингілік Компанияның қызметін үнемі жетілдіру;
- Холдингілік Компанияның өз қызметінің ауқымына сай келетін қолайтын тәуекелдерді қабылдауын қамтамасыз ету;
- тежейтін қабілетін анықтау және қабылданған тәуекелдерді тиімді басқаруды қамтамасыз ету;
- тәуекелдерді уақытында анықтау;
- шығыстарды барынша азайту және әлеуетті шығыстарды жабуға ағымдағы шығындарды төмендету.

**Тәуекелдерді басқару құрылымы.** Холдингілік Компанияның тәуекелдерді басқару құрылымы Холдингілік Компанияның мынадай органдары мен құрылымдық бөлімшелерінің қатысуымен бірнеше деңгейлердегі тәуекелдерді басқарылуымен ұсынылған: Директорлар кеңесі, Басқарма, Активтер мен міндеттемелерді басқару жөніндегі комитет, Тәуекелдерді басқару департаменті, Ішкі аудит қызметі, алқалы органдар және өзге құрылымдық бірліктер.

**Директорлар кеңесі.** Тәуекелдерді басқарудың бірінші деңгейі Холдингілік Компанияның Директорлар кеңесімен ұсынылған. Директорлар кеңесі тәуекелдерді басқару бойынша бақылау жүйесінің тиісінше қызмет етуі үшін, түйінді тәуекелдерді және тәуекелдерді корпоративтік басқару жүйесін басқару үшін толықтай жауапты болады. Директорлар кеңесі Холдингілік Компания қызметінің міндеттерін айқындайды және тәуекелдерді басқаруға жататын құжаттарды бекітеді.

**Басқарма.** Тәуекелдерді басқарудың екінші деңгейі Холдингілік Компанияның Басқармасымен ұсынылған. Холдингілік Компания Басқармасы тәуекелдерді басқарудың тиімді жүйесін және корпоративтік саясаттың талаптарына сәйкестікті қамтамасыз ету мақсатында тәуекелді бақылау құрылымын жасау үшін жауап береді. Басқарма Холдингілік Компанияның тәуекелдерін басқару философиясын және тәуекелдердің басқарылуын көрсететін «тәуекелдерді түсіну» мәдениетін жасау үшін жауап береді. Сондай-ақ Басқарма тәуекелдерді басқарудың тиімді жүйесін енгізу үшін жауап береді, онда барлық қызметшілердің тәуекелдерді басқару үшін нақты белгіленген жауапкершілігі бар және өздерінің міндеттерін тиісінше орындау үшін жауап береді. Басқарма тәуекелдерді басқару саласындағы өз функцияларының бір бөлігін тиісті комитеттерді құру арқылы жүзеге асыруға құқылы.

**Активтер мен пассивтерді басқару жөніндегі комитет.** Комитет Холдингілік Компанияның тұрақты қызмет ететін алқалы консультативтік органы болып табылады, оның құзыретіне тәуекелдерді басқару жүйесінің қызмет ету процесін үйлестіру кіреді. Негізгі мақсаттары мынадай: Холдингілік Компанияда тиімді кешенді жүйені және тәуекелдерді басқарудың біріктірілген процесін құру және тәуекелдерді басқару әдіс-тәсілдері мен рәсімдеріне бірыңғай стандартталған әдіс негізінде Холдингілік Компанияның қызметін үнемі жетілдіру.

**Тәуекелдерді басқару департаменті.** Тәуекелдерді басқару процесінің үшінші деңгейі Тәуекелдерді басқару департаментімен ұсынылған. Департамент мақсаттары тәуекелдерді жалпы басқаруды және қолданыстағы заңнаманың талаптарына сәйкестікті бақылауды, сондай-ақ қаржылық және қаржылық емес тәуекелдер бойынша есептілікті анықтау, бағалау, басқару және ұсынудың ортақ қағидалары мен әдістерінің іске асырылуын бақылауды қамтиды.

**Ішкі аудит қызметі.** Холдингілік Компанияның Ішкі аудит қызметі тәуекелдерді басқару барысында тәуекелдерді басқару рәсімдеріне және тәуекелдерді бағалау әдістеріне аудитті жүргізеді және тәуекелдерді басқару рәсімдерінің тиімділігін арттыруға бағытталған ұсыныстарды әзірлейді. Ішкі аудит қызметі тәуекелдерді басқару жүйесі бойынша есептерді Холдингілік Компанияның Директорлар кеңесіне ұсынады және бекітілген нормативтік құжаттарға сәйкес өзге функцияларды орындайды.

**Құрылымдық бірлік.** Тәуекелдерді басқару құрылымында ең маңызды бөліктердің бірі әрбір қызметкер ұсынатын Холдингілік Компанияның құрылымдық бірліктері болып табылады. Құрылымдық бірліктер (тәуекелдер иелері) тәуекелдерді басқару процесінде басты рөл атқарады. Холдингілік Компания қызметшілері күн сайын тәуекелдермен жұмыс жасайды, тәуекелдерді басқарады және тәуекелдердің өз қызмет саласына әлеуетті ықпалын бақылайды. Құрылымдық бірліктер тәуекелдерді басқару бойынша іс-әрекеттер жоспарын жүзеге асыру, өз қызмет саласындағы ірі тәуекелдерді уақытында анықтау мен хабардар ету және жұмыс жоспарына енгізілуі тиіс тәуекелдерді басқару жөнінде ұсыныстарды әзірлеу үшін жауап береді.

**Несиелік тәуекел.** Холдингілік Компанияның қаржы құралдарымен операцияларға қатысушы тараптың біреуі шарт бойынша өз міндеттемелерін орындамағаны салдарынан басқа тараптың қаржы шығыстарын тану себебі болуы мүмкін тәуекелі болып табылатын несиелік тәуекелге ұшырайды. Несиелік тәуекел Холдингілік Компанияның және еншілес кәсіпорындарының контрагенттермен несиелік және өзге операциялар нәтижесінде туындайды, солардың салдарынан қаржылық активтер пайда болады.

## **15 Қаржы тәуекелдерін басқару, жалғасы**

Холдингтік Компанияның несиелік тәуекелінің ең үлкен деңгейі қаржылық жағдайы туралы жекелеген есепте қаржы активтерінің баланстық құнында көрсетіледі. Несиені ұсыну бойынша кепілдіктер мен міндеттемелер үшін несиелік тәуекелдің ең үлкен деңгейі міндеттеме сомасына тең. 2016 жылғы 30 маусымдағы жағдайы бойынша кепілдегі қамтамасыз ету және еншілес кәсіпорындарға берілген қарыздардың сапасын жақсартудың өзге шаралары жоқ (2015 жылғы 31 желтоқсан: жоқ).

Холдингтік Компания «Бәйтерек» ұлттық басқарушы холдингі» акционерлік қоғамының Қаржы активтері мен міндеттемелерін басқару регламентіне сүйене отырып, бір контрагентке немесе байланысты контрагенттер тобына лимитті қоса алғанда, контрагенттермен операцияларға лимиттерді белгілеп, несиелік тәуекелді бақылайды.

2016 жылғы 30 маусымдағы және 2015 жылғы 31 желтоқсандағы жағдайы бойынша қаржы активтерінің бірде-бір бабы құнсыздалған не мерзімі өтіп кеткен болып табылмайды.

**Несиелік тәуекелді шоғырландыру.** 2016 жылғы 30 маусымға қарай Холдингтік Компанияның ақшалай қаражаты алты банкте орналастырылған, бұл Холдингтік Компанияны айтарлықтай несиелік шоғырландыру тәуекеліне ұшыратпайды.

Еншілес кәсіпорындарға берілген несиелерді шоғырландыру 7-ескертуде ашылған.

**Валюталық тәуекел.** 2016 жылғы 30 маусымдағы және 2015 жылғы 31 желтоқсандағы жағдайы бойынша Холдингтік компания үлкен валюталық тәуекелге ұшырамады.

**Нарықтық тәуекел** – бұл нарықтық бағалардың, оның ішінде шетел валютасын айырбастау бағамдары мен проценттік ставкаларды қоса алғанда, өзгеруі салдарынан Холдингтік компания табысының немесе портфелі бағасының өзгеруі тәуекелі. Холдингтік Компания үшін нарықтық тәуекел валюталық тәуекелден, проценттік ставкалардың өзгеру тәуекелінен тұрады. Нарықтық тәуекел нарықтағы жалпы және ерекше өзгерістердің ықпалына ұшырайтын проценттік, валюталық және үлестік қаржы құралдарына және нарық бағаларының өзгеру деңгейіне қатысты ашық позициялар бойынша туындайды.

Нарық тәуекелін басқару міндеті басқару және қабылданған тәуекел үшін алынатын табыстылықты оңтайландыруды қамтамасыз ете отырып, қолайлы өлшемдердің аясынан шықпайтындай, нарық тәуекеліне ұшырауды бақылау болып табылады.

Нарық тәуекелін басқаруға ортақ жауапкершілік Басқарма Төрағасы жетекшілік ететін Басқармаға жүктелген. Нарықтық тәуекел лимиттері Холдингтік Компанияның ішкі құжаттарына сәйкес орнатылады.

Холдингтік Компания жекелеген қаржы құралдары бойынша портфель мөлшеріне, проценттік ставкаларды өзгерту мерзімдеріне, валюталық орынға, шығындар лимиттеріне қатысты ашық позиция бойынша лимиттерді белгілеу және нәтижелерін Басқарма қарайтын және бекітетін, олардың сақталуына тұрақты мониторинг жүргізу арқылы, нарық тәуекелін басқарады.

**Проценттік ставкалардың өзгеру тәуекелі** – бұл проценттік ставкалардың өзгеруі салдарынан Холдингтік Компания табысының немесе оның қаржы құралдары портфелі құнының өзгеру тәуекелі.

Холдингтік Компания нарықтық проценттік сыйақы ставкалары ауытқуларының оның қаржылай жағдайы мен ақшалай ағымдарына ықпалына ұшырайды. Мұндай ауытқулар проценттік маржаның деңгейін арттыра алады, алайда проценттік ставкалар кенетөзгерген жағдайда, оны төмендетуі мүмкін және шығыстардың пайда болуына әкелуі мүмкін.

Проценттік ставкалардың өзгеруі тәуекелі белгілі бір өтеу мерзімі бар қолданыстағы не болжамды активтер дәл осындай өтелу мерзімі бар қолданыстағы не болжамды міндеттемелердің мөлшері бойынша үлкен не кем болған жағдайда туындайды. Проценттік тәуекелдерді басқару шығындарды толық өтеу қағидаларына негізделеді, алынған проценттік табыс қаражатты тарту және орналастыру бойынша шығындарды жабуға және таза табыс пен бәсеке қабілеттілікті алуды қамтамасыз етуі тиіс.

Төменгі кестеде 2016 жылғы 30 маусымдағы жағдайы бойынша Холдингтік Компанияның проценттік тәуекелінің жалпы талдауы ұсынылған. Сондай-ақ онда көрсетілген күндердің қайсысы ертерек болғанына қарай шарттарға немесе өтелу мерзімдеріне сәйкес проценттік ставкаларды қайта қарау күндері бойынша бөлініп, баланстық құны бойынша Холдингтік Компанияның қаржы активтері мен міндеттемелерінің жалпы сомалары көрсетілген.

**«Бөйтерек» ұлттық басқарушы холдингі» акционерлік қоғамы**  
**Жекелеген аралық қысқартылған қаржылық есептілікке ескертулер – 30 маусым 2016 жыл**

**15 Қаржы тәуекелдерін басқару, жалғасы**

<i>(мыңдаған қазақстандық теңге)</i>	<b>Талап еткенше және 1 айдан кем</b>	<b>1 айдан 6 айға дейін</b>	<b>6 айдан 12 айға дейін</b>	<b>1 жылдан астам</b>	<b>Процент- сіз</b>	<b>Барлығы</b>
<b>30 маусым 2016 жыл, аудиттелмеген</b>						
Қаржы активтері барлығы	1,464,267	7,763,537	10,400,001	271,398,674	-	291,026,479
Қаржы міндеттемелері барлығы	-	(236,173)	-	(267,434,282)	(125,165)	(267,795,620)
<b>2016 жылғы 30 маусымға қарай проценттік ставкалар бойынша таза айырмашылық, аудиттелмеген</b>	<b>1,464,267</b>	<b>7,527,364</b>	<b>10,400,001</b>	<b>3,964,392</b>	<b>(125,165)</b>	<b>23,230,859</b>

Төменгі кестеде 2015 жылғы 31 желтоқсандағы жағдайы бойынша Холдингтік Компанияның проценттік тәуекелінің жалпы талдауы ұсынылған. Сондай-ақ онда көрсетілген күндердің қайсысы ертерек болғанына қарай шарттарға немесе өтелу мерзімдеріне сәйкес проценттік ставкаларды қайта қарау күндері бойынша бөлініп, баланстық құны бойынша Холдингтік Компанияның қаржы активтері мен міндеттемелерінің жалпы сомалары көрсетілген.

<i>(мыңдаған қазақстандық теңге)</i>	<b>Талап еткенше және 1 айдан кем</b>	<b>1 айдан 6 айға дейін</b>	<b>6 айдан 12 айға дейін</b>	<b>1 жылдан астам</b>	<b>Процент- сіз</b>	<b>Барлығы</b>
<b>31 желтоқсан 2015 жыл</b>						
Қаржы активтері барлығы	193,360	265,842	11,510,000	196,456,077	-	208,425,279
Қаржы міндеттемелері барлығы	-	(169,432)	-	(193,582,328)	(279,211)	(194,030,971)
<b>2015 жылғы 31 желтоқсанға қарай проценттік ставкалар бойынша таза айырмашылық</b>	<b>193,360</b>	<b>96,410</b>	<b>11,510,000</b>	<b>2,873,749</b>	<b>(279,211)</b>	<b>14,394,308</b>

2016 жылғы 30 маусымдағы және 2015 жылғы 31 желтоқсандағы жағдайы бойынша әрекет ететін міндеттемелер және проценттік активтер бойынша қайта қаралған позицияларды және проценттік ставкаларды көбейту не азайту жағына қарай 100 базистік тармаққа табыстылық ауытқымасының параллельді жылжуының жеңілдетілген сценарийі негізінде жасалған, кіріс не шығыстың (салықтарды шегере отырып) проценттік ставкалардың өзгеруіне (сыйақы ставкаларын қайта қарау тәуекелі) сезімталдығын талдау:

<i>(мыңдаған қазақстандық теңге)</i>	<b>30 маусым 2016 жыл, аудиттелмеген</b>	<b>31 желтоқсан 2015 жыл</b>
100 базистік тармаққа параллельді көбейту	74,681	25,049
100 базистік тармаққа параллельді азайту	(74,681)	(25,049)

Холдингтік Компания қаржы құралдары бойынша проценттік ставкалардың мониторингін жүзеге асырады. Төменде кестеде есептер негізінде тиісті есепті күнге қарай проценттік ставкалар ұсынылған

	<b>30 маусым 2016 жыл, аудиттелмеген</b>	<b>31 желтоқсан 2015 жыл</b>
Жылына орташа өлшенген %		
<b>Активтер</b>		
Депозиттер	10.20%	9.17%
Еншілес кәсіпорындарға берілген несиелер	6.66%	6.43%
<b>Міндеттемелер</b>		
Шығарылған борыштық бағалы қағаздар	6.71%	6.43%

## **15 Қаржы тәуекелдерін басқару, жалғасы**

**Қаржы активтері мен міндеттемелерінің өтімділігі** жоғарыдағы кестеде ұсынылған. Қаржы міндеттемелері бойынша келісімшарт төлемдері амортизацияланбаған дисконт пен болашақ проценттік шығындардың сомасына олардың баланстық құнынан асып кетті. 2016 жылғы 30 маусымдағы жағдайы бойынша шығарылған борыштық бағалы қағаздар бойынша келісімшарт төлемдері 879,015,721 мың теңге құрайды, оның ішінде 2034 және 2045 жылдары түсетін номиналдық құны 862,187,417 мың теңге, сондай-ақ жыл сайын төленетін болашақ проценттер 16,828,304 мың теңге. 2015 жылғы 31 желтоқсандағы жағдайы бойынша, шығарылған борыштық бағалы қағаздар бойынша келісімшарт төлемдері 599,973,393 мың теңге құрайды, оның ішінде 2034 және 2045 жылдары түсетін номиналдық құны 588,595,125 мың теңге, сондай-ақ жыл сайын төленетін болашақ проценттер 11,378,268 мың теңге.

**Капиталды басқару.** Холдингтік Компания өз капиталына Холдингтік Компанияның иелеріне тиесілі таза активтер ретінде қарайды. Холдингтік Компанияның капиталға қатысты реттеуші талаптары жоқ.

**Құқықтық тәуекелдер** – Холдингтік Компания құқықтық тәуекелге ұшырауы мүмкін, яғни заңнаманың қолайсыз өзгеруі, заңнаманың дұрыс қолданылмауы, шешім қабылдау кезінде ішкі құжаттардың сақталмауы, мемлекеттік уәкілетті органдарға уақытында хабарламау (өртүрлі жағдайларда: құжаттарды дайындау кезінде, заңдық маңызды іс-әрекеттерді жасау кезінде және т.б.).

Холдингтік Компания заңнама өзгерістерінің мұқият мониторингі, тапсырмаларды орындау мониторингі, заң қызметі қызметшілерінің біліктілігін арттыру, кеңес берушілерді тарту арқылы құқықтық тәуекелді басқарады.

## **16 Шартты міндеттемелер**

**Сот талқылаулары.** Кейде ағымдағы қызмет барысында сот органдарына Холдингтік Компанияға және оның еншілес кәсіпорындарына қатысты талаптар түседі. Жеке өзінің бағасына, сондай-ақ ішкі кәсіби кеңесшілердің ұсыныстарына сүйене отырып, Холдингтік Компания басшылығы осы талаптар бойынша талқылаулар Холдингтік Компания үшін елеулі шығыстарға әкеп соқтырмайды деп санайды және тиісінше, жекелеген аралық қысқартылған қаржылық есептілікте осы талқылаулар бойынша шығыстарды өтеуге резервті қалыптастырмаған.

**Шартты салық міндеттемелері.** Қазақстан Республикасының салық және кеден заңнамасы өртүрлі талқылау мүмкіндігіне жол береді және жиі енгізілетін өзгерістерге ұшырайды. Басшылықтың Қор операциялары мен қызметіне қатысты заңнаманы түсінуін тиісті органдар даулай алады. Қазақстандық салық органдары заңнаманы түсіндіру және аударымдарды бағалау кезінде анағұрлым қатаң көзқарасты ұстануы мүмкін және бұрынғы кезде дау мәні болмаған операциялар мен қызмет даулануы мүмкін. Нәтижесінде қосымша салықтардың, айыппұлдар мен өсімақыдардың елеулі сомалары қосып есептелуі мүмкін. салық кезеңдері тиісті салық органдарының тексеру жүргізілген жылдың алдында келген күнтізбелік 5 жылдың ішінде салықтарды төлеу мәніне қарай тексеруін жүргізу үшін ашық болып қала береді. Жекелеген жағдайларда тексерулер анағұрлым ұзақ мерзімдерді қамтуы мүмкін.

Компаниялар арасындағы операциялар нәтижесінде туындайтын салық міндеттемелері осындай операцияларда қолданылған нақты бағалар негізінде анықталады. Қазақстан Республикасында трансферттік баға белгілеу ережелерінің түсініктері әрі қарай дамып, Қазақстан Республикасының салық органдары қолданатын әдіске өзгерістер енгізілген сайын осы трансферттік бағалар болашақта даулануы мүмкін деген болжам бар. Қазақстан Республикасында трансферттік баға белгілеу ережелері тым қысқа уақыт қана қолданылатынын ескере отырып, осындай даулы жағдайлардың салдары сенімділіктің жеткілікті дәрежесімен дауланбайды. Сонымен бірге, олар жалпы ұйымның қаржылық жағдайы және/немесе қызметі үшін елеулі болуы мүмкін.

**Шартты салық міндеттемелері, жалғасы.** Қазақстандық салық заңнамасы кейбір салықтық мәселелер бойынша нақты нұсқаулықтарды қамтымайды. Кейде Холдинг және оның еншілес кәсіпорындары осындай тиянақсыз салық мәселелерінің Холдинг бойынша жалпы салық ставкасының төмендеуіне әкелетін түсіндіруін қолданады. Жоғарыда белгіленгендей, әкімшілік және сот тәжірибесіндегі оқиғалардың жуырдағы дамуына байланысты, салық әдістерінің осындай түсіндірілуі мұқият тексерілуге ұшырауы мүмкін. Салық органдары тарапынан осындай тексерулердің салдары сенімділіктің жеткілікті дәрежесімен бағалануы мүмкін емес, алайда олар жалпы ұйымның қаржылық жағдайы және(немесе) қызметі үшін елеулі болуы мүмкін.

**Операциялық жалдау бойынша міндеттемелер.** Холдингтік Компанияның операциялық жалдауда бірқатар ғимараттары мен автокөліктері бар. Жалдау, көбінесе, бастапқы кезеңі 1 жылға ресімделеді, бұл ретте көрсетілген мерзім аяқталғаннан кейін жалдауды ұзарту мүмкіндігі бар. Жалгерлік төлемдер әдетте нарықтық жалгерлік шарттарды көрсету үшін жыл сайын көбейтіледі. Жалдау шартты жалдауды қамтымайды.

**«Бөйтерек» ұлттық басқарушы холдингі» акционерлік қоғамы**  
**Жекелеген аралық қысқартылған қаржылық есептілікке ескертулер – 30 маусым 2016 жыл**

**17 Байланысты тараптармен операциялар**

Егер тараптар ортақ бақылауда болса немесе бір тараптың басқа тарапты бақылауға мүмкіндігі болса не басқа тарап қаржылық және операциялық шешімдерді қабылдау кезінде айтарлықтай ықпал ету мүмкіндігі болса, бұл тараптар байланысты болып саналады. Байланысты тараптармен қатынастар болуы мүмкін қатынастардың әрбір жағдайын қараған кезде осындай қатынастардың заңдық нысанын ғана емес, ал сонымен бірге олардың мазмұнын (мәнін) назарға алу қажет.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің Холдингтік Компанияның үстінен айтарлықтай ықпалы бар, себебі түпкілікті бақылайтын тарап болып табылады. Холдингтік Компания мемлекеттік кәсіпорындармен есеп айырысулар бойынша қалдықтар және жеке қалған операциялар туралы ақпаратты ашудан босатуды қолдану туралы шешімді қабылдады.

Төменде 2016 жылғы 30 маусымдағы жағдайы бойынша байланысты тараптармен операциялар бойынша қалдықтар көрсетілген:

<i>(мыңдаған қазақстандық теңге)</i>	<b>Еншілес кәсіпорындар</b>	<b>Мемлекеттік кәсіпорындармен операциялар</b>
Еншілес кәсіпорындарға инвестициялар	773,782,161	-
Еншілес кәсіпорындарға берілген несиелер (7-ескерту)	271,765,252	-
Алынатын дивиденд (11-ескерту)	7,396,959	-
Ағымдағы табыс салығы бойынша алдын ала төлем	-	407,503
Өзге активтер	-	262
Шығарылған борыштық бағалы қағаздар (8-ескерту)	-	(263,130,217)
Қазақстан Республикасының Үкіметінен қарыздар (9-ескерту)	-	(4,540,238)
Кейінге қалдырылған табыс салығы бойынша міндеттеме	-	(757,042)
Өзге міндеттемелер	-	(56,723)

Төменде 2016 жылдың 30 маусымында аяқталған алты ай үшін байланысты тараптармен операциялар бойынша кіріс және шығыс баптары көрсетілген (аудиттелмеген):

<i>(мыңдаған қазақстандық теңге)</i>	<b>Еншілес кәсіпорындар</b>	<b>Мемлекеттік кәсіпорындармен операциялар</b>
Проценттік табыстар (10-ескерту)	7,453,836	-
Проценттік шығындар (8, 9-ескертулер)	-	(7,386,566)
Дивиденд бойынша табыс (11-ескерту)	8,523,885	-
Өзге операциялық (шығындар)/табыстар (12-ескерту)	(205,552,898)	206,758,295
Әкімшілік және өзге операциялық шығындар	-	(296,750)
Табыс салығы бойынша шығын (14-ескерту)	-	(243,516)

Төменде 2015 жылғы 31 желтоқсандағы жағдайы бойынша байланысты тараптармен операциялар бойынша қалдықтар көрсетілген:

<i>(мыңдаған қазақстандық теңге)</i>	<b>Еншілес кәсіпорындар</b>	<b>Мемлекеттік кәсіпорындармен операциялар</b>
Ақшалай қаражат және олардың баламалары (5-ескерту)	-	20,625
Еншілес кәсіпорындарға инвестициялар	773,782,161	-
Еншілес кәсіпорындарға берілген несиелер (7-ескерту)	196,721,919	-
Ағымдағы табыс салығы бойынша алдын ала төлем	-	250,751
Шығарылған борыштық бағалы қағаздар (8-ескерту)	-	(193,751,760)
Кейінге қалдырылған табыс салығы бойынша міндеттеме	-	(513,526)
Өзге міндеттемелер	-	(87,114)

Төменде 2015 жылдың байланысты тараптармен операциялар бойынша табыстар мен шығындар баптары көрсетілген (аудиттелмеген):

<i>(мыңдаған қазақстандық теңге)</i>	<b>Еншілес кәсіпорындар, аудиттелмеген</b>	<b>Мемлекеттік кәсіпорындармен операциялар, аудиттелмеген</b>
Проценттік табыстар (10-ескерту)	4,470,851	-
Проценттік шығындар	-	(4,556,365)
Алынған дивиденд (11-ескерту)	8,966,795	-
Өзге операциялар (шығындар)/табыстар (12-ескерту)	(211,433,116)	212,813,992
Әкімшілік және өзге операциялық шығындар	-	(186,676)
Табыс салығы бойынша шығындар (14-ескерту)	-	(226,568)

**«Бейтерек» ұлттық басқарушы холдингі» акционерлік қоғамы**  
**Жекелеген аралық қысқартылған қаржылық есептілікке ескертулер – 30 маусым 2016 жыл**

**17 Байланысты тараптармен операциялар, жалғасы**

Басқарма және Директорлар кеңесінің мүшелеріне сыйақылардың жалпы мөлшері төменде ұсынылған:

<i>(мыңдаған қазақстандық теңге)</i>	<b>2016 жылдың 30 маусымында аяқталған алты ай, аудиттелмеген</b>	<b>2015 жылдың 30 маусымында аяқталған алты ай, аудиттелмеген</b>
Директорлар кеңесінің мүшелері	170,474	93,325
Басқарма мүшелері	64,431	52,860
	<b>234,905</b>	<b>146,185</b>

**18 Әділ құн**

**Әділ құнды анықтау.** Көптеген жағдайларда Холдингтік Компанияның есептік саясатының ережелері мен ақпаратты ашу ережелері қаржылық және қаржылық емес активтер мен міндеттемелердің әділ құнын анықтауды талап етеді. Әділ құн төменде көрсетілген әдістерді пайдалана отырып, ақпаратты бағалау және ашу мақсаттары үшін анықталады. Мүмкіндік болған жағдайда, активтің не міндеттеменің әділ құнын анықтау процесінде жасалған болжамдар туралы қосымша ақпарат осы активке не міндеттемеге қатысты ескертулерде ашылды.

Активтің не міндеттеменің әділ құнын бағалау кезінде Холдингтік Компания, мүмкіндік болған жағдайда, байқалатын нарық деректерін пайдаланды. Әділ құнды бағалау тиісті бағалау әдістері аясында қолданылатын бастапқы деректерге байланысты әділ құнның иерархияның әртүрлі деңгейлеріне жатады.

1-деңгей: белсенді нарықтағы бірдей активтерге не міндеттемелерге белгіленген (түзетілмеген) бағалар;

2-деңгей: 1-деңгейдің бағалары үшін қолданылатын, белгіленген бағалардан басқа, бастапқы деректер байқалатын не тікелей (яғни, бағалар сияқты), немесе жанама (яғни, бағалар негізінде анықталған) болып табылады.

3-деңгей: бағалары байқалатын рыноктық деректерге негізделмеген активтер мен міндеттемелер үшін бастапқы деректер (байқалмайтын бастапқы деректер).

Егер активтің не міндеттеменің әділ құнын бағалау үшін қолданылатын бастапқы деректерді әділ құнның әртүрлі иерархия деңгейлеріне жатқызуға болатын болса, онда әділ құнды бағалау жалпы бүкіл бағалау үшін маңызды болып табылатын, ең төменгі деңгейдегі бастапқы деректер сәйкес келетін иерархия деңгейлеріне жатады.

Холдингтік Компания осы өзгеріс орын алған есепті кезеңнің аяқталу күніне қарай әділ құнның иерархия деңгейлері арасындағы аударымдарды мойындайды.

Әрі қарай кестеде әділ құн иерархиясының деңгейлері бөлінісінде 2016 жылғы 30 маусымдағы жағдайы бойынша әділ құн бойынша бағаланбайтын қаржы құралдарының әділ құнын талдау келтірілген:

<i>(мыңдаған қазақстандық теңге)</i>	<b>2-деңгей, аудиттелмеген</b>	<b>Әділ құн барлығы, аудиттелмеген</b>	<b>Баланстық құн барлығы, аудиттелмеген</b>
<b>Активтер</b>			
Ақшалай қаражат және олардың баламалары	1,202,606	1,202,606	1,202,606
Депозиттер	10,661,662	10,661,662	10,661,662
Еншілес кәсіпорындарға берілген несиелер	223,678,050	223,678,050	271,765,252
Алынатын дивиденд	7,396,959	7,396,959	7,396,959
<b>Міндеттемелер</b>			
Шығарылған борыштық бағалы қағаздар	221,978,321	221,978,321	263,130,217
Қазақстан Республикасының Үкіметінен қарыздар	4,252,488	4,252,488	4,540,238

Төменгі кестеде әділ құн иерархиясының деңгейлері бөлінісінде 2015 жылғы 31 желтоқсандағы жағдайы бойынша әділ құн бойынша бағаланбайтын қаржы құралдарының әділ құнын талдау келтірілген:

<i>(мыңдаған қазақстандық теңге)</i>	<b>2-деңгей</b>	<b>Әділ құн барлығы</b>	<b>Баланстық құн барлығы</b>
<b>Активтер</b>			
Ақшалай қаражат және олардың баламалары	116,783	116,783	116,783
Депозиттер	11,586,577	11,586,577	11,586,577
Еншілес кәсіпорындарға берілген несиелер	196,721,919	196,721,919	196,721,919
<b>Міндеттемелер</b>			
Шығарылған борыштық бағалы қағаздар	193,751,760	193,751,760	193,751,760